

**Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің ғимаратын
Бішкек қаласында (Қырғыз Республикасы) жобалау және салу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 мамырдағы N 550 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің ғимаратын (бұдан әрі - Ғимарат) Бішкек қаласы, Мир даңғылы, Оңтүстік Батыс ауданы (жер учаскесінің сәйкестендіру нөмірі: 1-01-11-0059-0176) мекен-жайы бойынша жобалау және салу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Ғимаратты жобалау және салу бойынша сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды , жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді "Элит билдинг групп" жауапкершілігі шектеулі қоғамы жеткізуші болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

2004 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Ғимаратты жобалау мен салуды 122459868 (бір жүз жиырма екі миллион төрт жүз елу тоғыз мың сегіз жүз алпыс сегіз) теңге сомасы шегінде қаржыландыруды;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы әрі тиімді жұмсау қағидатының сақталуын ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі